

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

«Диуани лұғат-иттурк» еңбегіндегі басты түркілік дүниетанымЖАРИЯЛАНДЫ
10.02.2022СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/114099/>

М. Қашқари – түркі халықтарының тілі мен халық әдебиетіне, тарихы мен тағдырына, жағрафиясы мен мифологиясына, әдет-ғұрпы мен тұрмыс-салттарына жіті ден қойып, қоғам дамуын, кезең көріністерін, әлеуметтік-мәдени ортасын, саяси құрылымдарын кеңінен зерделеген энциклопедиялық еңбек қалдырып, түркітану ғылымының негізін қалаған жалпытүркілік тарихи-тілдік тұлға. Тілдік-тарихи тұлға болып табылатын Махмұт Қашқаридың жеке адам ретінде қалыптасуының негізгі жүйесін яғни туған жері, жылы, тегі мен өмір сүрген ортасын анықтау, оның бізге жеткен жалғыз жәдігері «Диуани лұғат-ит-түрік» тілінің негізінде жүргізіледі.

Түркі өркениетінің көшбасшы ғұламаларының қатарына жататын Махмұт Қашқаридың алуан дерек көздері мен мол материалдарды қамтитын жалпытүркілік «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегі араб әліпбиі негізінде түрік тілінде жазылған. Еңбекте түрік сөздері араб транслитерациясында беріліп, сол ғасырда өмір сүрген түркі халықтарының тілдері, олардың өздеріне тән грамматикалық ерекшеліктері, этимологиясы мен қолдану нұсқалары көрсетілген. Түркі жұртының бай тарихы, географиялық жағдайы, әдебиеті мен өнері, этнологиялық ерекшеліктері мен түрік тілінің бітімі ежіктей түсіндіріліп, түркі әлемінің ұлттық мұраты көрсетілген «Диуани лұғат-ит-түрік» жазба ескеркіші сегіз бөлімнен тұрады:

1 – «Хамза кітабы». М. Қашқари бұл бөлім жайлы «Тәңірі кітабының жөнімен мен бұл кітабымды хамзамен бастадым» деп көрсетеді [1, 32];

2 – «Сәлім кітабы» (бұл бөлімде құрамында «а», «у», «и» әріптерінің ешбірі болмаған және әріп қайталанбаған сөздер берілген);

3 – «Мұзоаф кітабы» (бір әріп екі рет қайталанатын сөздер);

4 – «Мисал кітабы» («а», «у», «и» әріптерінің бірімен басталған сөздер);

5 – «Үш әріпті сөздер кітабы»;

6 – «Төрт әріпті сөздер кітабы»;

7 - «Ғұнналылар» (мұрын жолды дыбыстар кітабы);

8 - «Сүкүндік»; (қос дауыссыз дыбыстар кітабы).

М.Қашқари әрбір бөлімнің өзін атаулар (есімдер) мен етістіктер секілді екіге ажыратып, алғаш атауларды яғни есім сөздерді, содан кейін етістіктерді

көрсетіп әрқайсысын өз орнына қойған. Әр бөлімнен түркі халықтарына ортақ өмір тұрмысына қатысты әр алуан атаулар мен ұғым-түсініктер, сөздер жиынтығы орын алып, олардың семантикалық мән-мағынасы мен этимологиялық сипаттары ашылған. Халық әдебиетінің алуан үлгі-өрнектері көрсетіліп, 29 тайпа, 110 жер-су атаулары, төрт жолдық 242 шумақ өлең, 262 мақал-мәтелдер мысал ретінде берілген [1,32].

«Диуанның» қолжазбасын алғаш рет 1914-1915 жылдары Али Амри деген түрік ғалымы Стамбулдағы «Саһабалар жыршысы» деп аталатын кітап базарынан сатып алған. Рифат Билге есімді адам қолжазбаның көшірмесін жасап, 1915 жылы 1-2 кітабын, 1917 жылы 3-кітабын басып шығарған. Осы кезден бастап «Диуанды» зерттеу басталып, күні бүгінге дейін жалғасып келеді. XI ғасырда жазылып, XX ғасырда ғана ғылыми ортаға оралған «Диуани лұғат-ит-түрк» сөздігі – түркі халықтарының энциклопедиясына айналып, күні бүгінге дейін құнын жоймаған ұлы еңбек. Махмұт Қашқаридың бұл сөздігінде осыдан мың жылдай бұрын өмір сүрген түркі тайпаларының айтылу, жазылу заңдылықтары, қолдану аясына қатысты айырым белгілері терең зерттеліп, әлемдік түркітану тарихында алғаш рет тарихи-салыстырмалы зерттеу әдісімен диалектология ғылымының негізі қаланған.

«Диуани лұғат-ит-түрк» қолжазбасы Стамбулда Миллет Генель кітапханасында сақтаулы. Қолжазба 1517 жылдан соң, яғни османдықтардың мәмлүк мемлекетін басып алған соң әкелінген болу керек. Мұны қолжазбаның ақшеттеріне жазылған мәтінге жасалған ескертулер мен түзетулерден Осман дәуірін байқауға болады. Шамамен 1650 жылы Катиба Челебидің атақты еңбегінде еске алынады. Бұдан басқа XX ғасырдың басына дейін дерек жоқ. Қолжазбаға XX ғасырдың басында Түркияның Ван Огуллар деген жерінде тұрған Назиф Паша деген кісі ие болған. Ол қолжазбаны құнды зат ретінде туысқан әйелге сыйға тартқан деген пікір бар [2, 114].

Тілдік тұрғыда зерттеген ғалымдардың ішінде алғашқы зерттеушілер ретінде В.В.Бартольд, В.А.Гордлевский, А.Н.Кононов, С.Г.Кляшторный сынды белгілі түркітанушылардың қатарында қазақ ғалымдары Халел Досмұхамедұлы, Н.Т.Сауранбаев, С.А.Аманжолов, А.Н.Ысқақов, Ғ.Ғ.Мұсабаев, Ә.Құрышжанов болғанын білеміз [3,7].

М.Қашқаридың сөздігін зерттеуде қазақ ғалымдарының да ізденістері аз емес. Тілдік тұрғыда, әдеби жағынан да, тарихқа қатысты да зерттеулер жеткілікті.

«Диуанды» алғаш зерттеген қазақ ғалымы деп Халел Досмұхамедұлын атауға

болады. «Диуани луғат ат-түрк» кітабынан көшірілген нұсқаның Стамбулдан табылғанын, оның 1914 жылы 3 том болып басылып шыққанын естіп, Халел Досмұхамедұлы қызығушылықпен сол кезде-ақ іздестірген екен. 1923 жылы «Шолпан» журналының 5-6 сандарында осы туралы зерттеу мақаласын жариялаған. Ол «Диуани луғат ат-түрк» атты мақала жазып, «Сөздіктің» 1913-1915 жылдары басылғаны белгілі, ол жөнінде 1914 жылы, бірінші дүниежүзілік соғыс алдында естіп, соғыстың кесірінен көпке дейін бейхабар болғанына өкінеді. Халел Досмұхамедұлы бұл мақаласында түрік халықтарына ортақ көне ескерткіш, рухани мұраны туған халқына алғаш таныстырумен қатар, ондағы әдеби, тілдік және тарихи деректерге назар аударады.

Халел Досмұхамедұлының бұл мақаласы қазақ жұртына Махмұд Қашғари еңбегі туралы ақпараттық мәлімет берумен ғана шектелмеген. Оның маңыздылығын жоғары бағалап, Орхон ескерткіштерімен қатар қояды [4].

«Диуани луғат ат-түріктің» жазылу уақыты туралы да, өмірбаяндық деректері туралы да ғылым үшін әлі нақты дәлел жоқ, тек болжамдар көрсетілген.

Халел Досмұхамедұлы «Диуаниды» төрт мақсатта: 1. түрік тарихына; 2. XI ғасырдағы түрік руларына; 3. түріктердің экономикалық, әлеуметтік тіршілігіне; 4. тіл, әдебиетке байланысты деректер іздеу жөнінде пайдаланып, зерттеу жазуды жоспарлаған екен. Оның осы мақаласы ежелгі дәуір әдебиетіне еркін бойлай алатын ғалым екенін көрсетеді. Оның «Диуани луғат ат-түрік» туралы жаған мақаласында, шығыс тілдері мен әдебиетін, мәдениетін терең меңгерген білімпаздығы желдей есіліп, және көне жәдігерлерден хабары молдығы кемеріне толған көл суындай шарасынан төгіліп, лықылдап тұратыны өз-өзінен сезіліп те, байқалып та тұрады. Халел Досмұхамедұлы осы аталған рухани қазынаның түрік халықтарына тән екенін айтқанын былай қойғанда, күллі шығыс мәдениетіндегі алатын тарихи орнын, оның ғылыми айналымға түсуі мен бақ-талайының шынтуайытқа келгенде жанған мерзімін, баға жетпес құнын тап басып, безбендей білуі һәм зерттеушілердің көңіл көзімен зерделеуіне бағдар беруінің өзі — білікті ғұламаның ой-өріс қарымын, көрегендік шалымын дәлелдейді. Халел Досмұхамедұлының пайымдауынша: «...Бұл уақиға, яғни Махмұд Қашғаридың өзі шахси ислам һәм түрік тарихында үлкен бір уақиға болуында кәдік жоқ. Махмұд Қашғаридың кітабына келгенде, кітап туралы әзірге біз Еуропаның түрік тілі мамандарының пікірін естігеніміз жоқ. Бір нұсқасы академик Бартольдқа берілген екен, бірақ Бартольдтың бұл кітап туралы бір нәрсе жазып-жазбағанын білмедік. Қалай болса дау біздің мынаны айтуға шамамыз келеді: Түрік қауымының тіл, әдебиет һәм мәдениет тарихы үшін 1889-ыншы жылы Орхон жағаларында Ядринцев тапқан, Томсен, Радлов тағыда басқа ғалымдар тарапынан үйреніліп, нәшр етілген, барлық мәдениет, хан дүниесінің назарын өзіне қаратқан, хан ерлерінің пікірін алыстырған (өзгерткен) ескі түрік, Орхон «бітіктастары» қандай аһамиаты болса, Махмұд Қашғари кітабының да аһамиаты сондай. Махмұд Қашғаридың түрік қауымына, өз ұлтына мунасабаты Күл-тегін, Білге

хандардың мунасабатындай һәм түрік руларын, түрік тілін білуі, әсіресе, білімі олардан артық болған» [5,57].

Халел Досмұхамелұлынан кейін «Диуанды» зерттеген ғалымдардың ішінде ерекше аталатыны Әбжан Құрышжанұлы. Ғалым «Диуанның» шығу тарихынан бастап оның ішкі мазмұнына зер салып зерттеген. «Диуани лұғат ат-түрік» туралы алғашқы деректер XIV ғасырдан басталады деген: «М.Қашқаридың бұл еңбегі туралы алғашқы деректер XIV ғасырдан басталатын көрінеді. Мәселен, Андалусиядан шыққан көрнекті ғалым Абу Хайианның белгілі еңбегінде кездесетін бағзы бір үзінділердің осы М.Қашқари шығармасынан алынғандығы байқалады. Мысыр елінің әйгілі тарихшысы Б.Айни өзінің Еуропа, Сирия және Индия тарихына арналып жазылған бір еңбегінің «Түрік қауымдарының тарихына» деген бөлімінде қашғарлық ғалым ибни Мухаммедтің кітабынан алынған үзінділерден ондағы оғуз руларының таңбалары жөнінде, түрік тілдері мен ұйғыр жазуы жайында және түрікпен тілінің кейбір сөздері туралы бірсыпыра мәліметтер жарияланды» деп 1931 жылы Түркияда жарияланған Абу Хайиан әл- Андалусидің «Китаб әл идрак ли лисан әл атрак» атты еңбегіне қатысты түрік ғалымының кітабына сілтеме берген. Ә.Құрышжанұлы «Диуанның» европалық шығыстанушыларға алғаш рет 1904 жылы тарағанын айтқан: «Еуропаға тараған алғашқы хабарлардың бірі 1904 жылы Венгер Академиясы жариялаған «Лингвистикалық жинақтағы» мәлімет болуы керек [6,363].

М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» әдебиетшілердің де назарынан тыс қалған жоқ, Н.Келімбетовтың «Ежелгі дәуір әдебиетінде» (Ана тілі, 1991) М.Қашқаридың сөздігі көне түркі әдебиет ескерткіштерінің тілін үйренуге көп көмек көрсетіп келеді. Мәселен, осы «Диуани лұғат ат-түрік» табылғаннан кейін ғана «Құтты білік» дастанын оқу, аудару және транскрипция жасау кезінде бұрын жіберілген қателер түзетілді дейді.

Дүниенің төрт бұрышын алған көне түркілердің мұрагерлері орта ғасырлық түбі бір түркі халықтарының табиғи болмысы мен этностық дүниетанымын, кеңістік пен уақытты игерудегі рухани және материалдық құндылықтар жүйесін айшықтауда М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» энциклопедиялық жәдігерінің маңызы ерекше. Ғалым Ә.Т.Қайдар «Этнос және оның тілін біртұтас, өзара тығыз байланысты құбылыс деп қарасақ, тіл қоғамда тек сол этностың қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар оның (этностың) бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері іспетті барлық болмысы мен өмір-тіршілігінің, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасы, асыл қазына ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын қызметі тағы бар» деп, лингвомәдениеттаным мен этнолингвистиканың сабақтастығын көрсетіп, этнолингвомәдениеттанымдық зерттеулерде лексикалық қорды «Табиғат», «Адам», «Қоғам» макрожүйелері негізінде қарастырудың маңызын анықтап бергені белгілі [7,34]. Орта ғасырлық түркілер дүниетанымындағы әлемнің тілдік бейнесі де аталған макроконцептілердің тілдік модельдері арқылы көрініс табады. «Диуани лұғат-ит-түрік»

тілінде кездесетін орта ғасырлық түркілер санасындағы ақиқат дүниенің идеялық құндылықтарын бейнелейтін концептілерге сараптама жасап, олардың тілдік модельдерінің архимазмұнын қарастыру жалпытүркілік концептуалды жүйенің эволюциялық дамуы мен сыртқы және ішкі құрылымын зерделеуге мүмкіндік береді.

Ғалым Б.М.Тілеубердиев «Кеңістіктің ментальдік болмысы оның концептілігін анықтайды, яғни адамның концептілік және тілдік санасында ментальдік болмыс, ең алдымен, концепт немесе концептілер түрінде қызмет атқарады. Біздер тілдік санада кеңістік тектік концептіні білдіреді деп санаймыз. Оның құрылымына «аспан», «жер», «су», «тау» сияқты түрлік концептілер кіреді. Олардың өзі іштей тағы бірқатар концептілерге бөліне алады» – дейді [8,20]. Сол себепті орта ғасыр түркілердің де танымы мен тілдік санасындағы кеңістік ұғымы бірнеше микроконцептілерден тұратын макроконцептілер қатарына жатады. Түркі халықтары үшін мекен етіп отырған кеңістіктің барша сыр-сипаты мен тылсым құбылыстарын жетік меңгеру, сол кеңістіктегі істер мен құбылыстарды уақытпен байланыстыру – өмір сүрудің, тіршілік етудің басты шарты. Ескерткіш тілінде «уақыт» ұғымы *şer, türk, köş* тілдік бірліктері арқылы көрініс тапқан. Сөздікте уақыт оғызша *şer* лексемасы арқылы көрсетіліп, *bu şerlikde kel* «мына уақытта кел» деп берілген. Одан бөлек уақыт мағынасын білдіретін *türk* сөзін де кездестіруге болады. Бұл лексема бүкіл жеміс-жидектің пісіп жетілген, уылжып толасқан маусымның ортасы дегенді білдіреді. Жәдігерде *Türk üzüm ödi* «Үзімнің піскен уақыты», *Türk yigit* «Жігіт жасына толған жігіт» деп көрсетілген [1,381].

Тіл – адамзаттың ойлау, қабылдау, пайымдау арқылы ақиқат дүниені танудың құралы ретінде ой-сананың объективтенуі болып, қоғамдық сананың түрлерін қалыптастыруда әсер етеді дейтін болсақ, белгілі бір этностың өмір сүру кезеңі, оның мәдени-даму тәжірибесі ретіндегі ақпараттарды тілде қалдырып отыратыны анық. Әлем бейнесінде кескінделетін «Тіл-адам-қоғам» үштігі аралық қатыстылықтың тілдік және әлеуметтік-мәдени негізін айқындауда «жыныс» категориясына көңіл аударудың маңызы зор. Өйткені адамдардың жыныстық ерекшелігі олардың қоғамдағы атқаратын рөлімен тығыз байланысып келіп, әлеуметтік-мәдени іс-әрекеттің нәтижесіне ықпал етеді. Әлемнің тілдік бейнесіндегі «жыныс» категориясы тілдегі «Әйел-Еркек» семантикалық оппозициясының лингвогендерлік және лингвомәдениеттанымдық негізі тұрғысынан сипатталады.

Адамзат тарихындағы іргелі түсініктердің қатарында «еркек-әйел» оппозициясының аталатыны белгілі. Ертедегі еңбектің жынысқа қарай бөлінісі еркектің асыраушы (аңшы т.б.) ретінде тұрмыста үстемдікке ие болып, абсолютті тұлға ретінде орнығуына жағдай жасады. Ерлердің қызметі табиғатпен бірге әйелді де бағындырды. Ерлер әйелдерді өздерінің жартысы деп танып, оны өздерін толықтыратын екінші «мені» ретінде мойындады, ол ұғым прецедентті мәтіндерде дәйектелді. «Әйел», «Ер адам» концептілері кез келген мәдениетте кездесетін концепт болғандықтан, әмбебаптық

сипатқа ие. Концепт – тілдік ақпараттарды кодтайтын (сөзге айналдыратын, таңбалайтын) оларды репрезентациялайтын (яғни сөздің ішкі мазмұнын, мәнін танытатын, оның затқа, реалийге қатысын, шындықты бейнелеуін көрсететін) және оны (сөзі ақпараттарды) трансформациялайтын (келер ұрпаққа жеткізетін) тілдік таңбалар жиынтығы. Дегенмен, «Әйел» және «Ер адам» концептілерінің белгілі бір қоғамға тән нақты ерекшеліктері де бар екені анық. Осы тұрғыдан алғанда XI ғасырдағы М.Қашқари еңбегіндегі «әйел» концептісінің тілдік ерекшеліктерін ұлттық мәдениеттегі рөлі мен орнын лингвомәдени бағытта айқындау маңызды.

Танымдық тұрғыдан алғанда, отбасының берекесі мен бірлігі, жанұяның ұйытқысы, ақылманы, отбасының сәні, тіршіліктің қайнар көзі деп кең ұғымда бейнелік сипатта айқындалатын «әйел» концепті, барша халыққа ортақ концепт болғанымен, әр халықтың менталитетіне, дүниетанымына, болмысына орай оның концептосферасы айқындалып отыратыны анық. Әйел баласын сипаттауда оның жас ерекшелігі, әлеуметтік орны, туыстық байланысына қарай атаулары да әртүрлі лексемалармен беріледі. Ескерткіш тіліндегі «әйел» концептісін зерделей отырып, «әйел-қыз», «әйел-қалыңдық», «әйел-жар», «әйел-келін», «әйел-ана», «әйел-отбасының өзегі», «әйел-сұлулықтың символы», «әйел-ханшайым», «әйел-үй қызметкері», «әйел-күң» тілдік модельдерін көре аламыз.

Әйел баласы көне түркілер заманынан бастап түркі халықтарында ерекше құрметке ие. Көне түркілер дүниетанымында «әйел-анаға» деген үлкен құрмет Ұмай ана культінің негізінде өрбиді. Ұмай Ана жайлы аңыз-әңгімелер, салт-дәстүрлер түркі халықтарының Ұмай мифонимінің сокральді мәні нәрестенің дүниеге келуіне дейінгі, ана құрсағындағы пайда болу кезеңіне, жалпы адамзатты дүниеге әкелетін аналық негізге қатысты екенін айқын көрсетеді. Ж.Абитжанов «Ежелгі түріктер Тәңірмен қатар жер-су Ұмайға да табынған. Ұмай сөзінің «бала жататын орын» тура мағынасының негізінде бала-шағаны қорғайтын құдай» мағынасы екіншілік номинация» түрінде қалыптасқанын айтады [9,19]. Алтай тілдік бірлестігіне жататын монғол тілінде ұмай сөзі «ана құрсағы», «жатыр» мағынасында қолданылуы бұл лексеманың тарихының тереңдігіне дәлел. Қараханидтерден бұрын тарих сахнасында болған көне түркілер ұғымында ұмай лексемасын өмірдің, өсіп-өнудің, әдемілік пен әсемдіктің, бақыт пен құт берекенің, үйлесімділіктің жиынтық мәнінен тұратын мифологиялық концептінің лингвистикалық бейнесі ретінде көруге болады. Яғни Ұмай ұғымы көпқырлы және әмбебап культ болған.

«Диуани лұғат-ит-түрікте» ұмай лексемасысы «ана босанғанда құрсағынан шығатын нәрсе» деп беріліп, *Umauga tapinsa oꞗul bolur* « Ұмайға табынса ұл болар» деп, әйелдердің мұны жақсылыққа жоритыны сөз болған [1,153]. Бұдан XI ғасырдағы «Әйел-Ана» тілдік моделі көне түркілік дүниетанымының негізі «Ұмай — Анадан» бастау алғанына көз жеткіземіз. Қазақ тіліндегі Ұмай анаға сыйынып, әйелдің толғағы жеңіл болып, өмірге сәби аман-есен келсін деген ниетпен «Ұмай ана жар болсын!», ауырған жас баланы емдерде «Ұмай ана шипа берсін!» , ұлын сапарға аттандырған ана оң сапар

тілеп «Ұмай анаға тапсырдым» деген сынды тілдік бірліктер Ұмай ана феноменінің қазақ халқының дәстүрінде де жалғасын тапқанына дәлел. Ескерткіш тілінде ана мағынасында *uma* лексемасы көрініс тапқан. Бірақ М.Қашқари аталған лексеманы түбіт тілінде екенін атап көрсетеді [1,121]. М.Қ.Ескеева ұмай мифониміне негіз болған архитүбірді анықтау барысында «Жалпы түркі тілдеріндегі «үлкеу», «көбеу», «өсу», «ұрпақ тарату», «жалғасу» т.б. семаларын сақтаған сөздердің тұлғасында сәйкестіктердің болуы $ur/\ddot{u}r \approx u\ddot{u} \approx \ddot{u}g \approx um/\ddot{u}m \approx *ul/\ddot{u}l$ моносиллабтарын гомогенді тұлғалар ретінде қарастырып, ортақ ілкі түбірі «ұрпақ әкелу, көбеу, жалғасу, өсу т.б.» мазмұнын сақтаған u/\ddot{u} тұлғасы екенін ажыратуға мүмкіндік береді» деген пікір айтады [10,288]. Яғни М.Қашқари атап өткен түбіт тіліндегі ана мағынасындағы «*uma*» лексемасы және қазіргі араб тілінде «ана» сөзі *um* деп көрініс табуы ортақ ілкі түбірі «ұрпақ әкелу, көбеу, жалғасу, өсу т.б.» мазмұнын сақтаған түркілік u/\ddot{u} тұлғасының басқа тілдердегі көрінісі деп болжауға болады.

Жәдігерде әйел баласына қатысты ең көп кездесетін лексема *uragut*. *Uragut bořandı* «әйел ажырасты», *uragut beglendi* «әйел үйленді», *uragut bezendi* «әйел сәнденді» деген нұсқаларда кездесетін аталмыш лексема жоғарыда атап өткен көне түркіден келе жатқан $*u$ тұлғасынан туындаған $*ur$ моносиллабынан жасалып «жалпы тіршілік иесінің дүниеге келуі, өсіп өркендеуі» семасын көрсетеді.

Көне түркілерде жоғары өкімет құқығына тек қаған емес, сонымен бірге оның әйелі де ие болғанын, сондай-ақ олардың руларының қағандық және катундық болып бөлінуіне алып келгенін түркітанушы Ю.А.Зуев атап өтеді. Көне түркі ескерткіштерінде *katun* түрінде кездесетін лексема, «Диуни лұғат-ит-түрік» тілінде де *katun* деп ешбір семантикалық өзгеріске ұшырамай «Афрасиабтың қыздарына лайықталған атау» деп берілген [1,470]. Оған қоса сөздіктен шахзадалар мен Афрасиаб әулетінен болған ханымдарға, олардың ұлық-кішік балаларына қатысты айтылатын *tarım* лексемасын көруге болады. Сөздікте «Хақан хандарының ұлдарынан басқаларға қаншалықты жоғары мәртебелі болса да бұл сөз қолданылмайды, лайық емес. Хан әулетінен болған әйел затына лақап ретінде *altun tarım* «алтын тарым» деген сөз қолданылады» деп берілген [1,454]. Байқағанымыздай *altun tarım* лексемасы хан әулетінен болған ханшайымдарға қолданылған. М.Қашқари *iřler* лексемасы «ханымдар» дегенді білдіретін жалпы атау дегенмен, жалқы мәнде де қолдана беретінін айтады. Мұның аталуының ұзақ хикаясы бар деп бірақ түсіндірмейді [1,147]. Балалар анакі «анашым» дейтін болса, өгей ана үшін де жоғарыда атап өткеніміздей *ögey ata*, *kaңsık ata* сияқты *ögey ana*, *kaңsık ana* тіркестері қолданылады [1, 383,11].

М.Қашқари заманында бой жеткен әйтсе де тұрмысқа шықпаған қыз үшін жалпы түркілік *kız* лексемасы қолданылғанын ескерткіш тіліндегі *meniң kızıм* «менің қызым», *ev kızı* «үй қызы, үйде отырған қыз» тіркестерінен көруге болады [1,385]. Байырғы қазақ қоғамында қыз бала бір ғана шаңырақтың қызы ғана емес, түгелдей бір әулеттің,

ауылдың қызы болып есептелген. Сол себепті қыз бір ғана шаңырақ шеңберінде емес, әулеттің тәрбиесін көріп өсіп әулеттің көркі болған. Ал ата анасының қолынан шығып, ата-енесінің босағасын аттаған қалыңдық ескерткіш тілінде жалпы түркілік келін лексемасы арқылы берілген [1,464]. Дж. Клосон келін сөзін отбасыға бір адамның келіп қосылуына байланысты кел- етістігінен туындағанын сөз етеді. М.Қашқари Kizlençü kelinde «Жасырылған келінде» деген мақал беріп, оны «жасырылыған нәрсе келінде болады, өйткені ол жақсы нәрсені жасырып, еріне сақтап қояды» деп түсіндіреді [1,326]. Қазақ халқы келінді ұрпақ жалғастырушысы ғана емес, оны әулеттің ырысы, құт-берекесі, ұлт болашағының ұйытқысы деп таныған.

XI ғасырда құқықсыз әлеуметтік топқа кіретін, басында еркі жоқ әйел заттарының яғни күңдердің болғаны белгілі. Күңдер қыз баласы болғандықтан сөздіктен kız және көпше түрде яғни күңдер мағынасында kız-kırkın лексемаларын көруге болады [1,384]. М. Қашқари Оғыз, Қыпшақ, Суварлар күң мағынасында yaljuk лексемасының қолданғанын және бұдан басқа иабақу, қой, жұмұл, басмыл, оғыз, иемек және қыпшақ тілдерінде «күң» мағынасында kırnak сөзінің кездесетінін айтады [1, 513,533]. Жалпы бұл лексемалардан бөлек тілімізге ешбір өзгеріссіз жеткен күң сөзінің қолданыста болғанындығын байқаймыз. Э.В. Севортян күң лексемасын барлық жазбаларда «рабыня, невольница» мағыналарын беретінін сөз етіп, түркімен тілінде «гүң» сөзі «туркмен мать которого персиянка», өзбек тіліне парсы тілінен енген «гунг» лексемасы «немой, глухонемой; безгласная рабыня» мағыналарын беретінін атап көрсетеді [11,142]. Оларға Шын жібегінің бір түрінің атауымен еркелетіп каҗаҗ деп немесе yinçü «інжу», yinçke kız «жіңішке қыз» деп ат бергенін сөздіктен кездестіруге болады [1,43]. Қазақ қоғамында күңдер байлардың шаруашылықтарында кездескен. Қазақтар құлдар мен күңдерді көбінесе өзге ұлт өкілдерінен сатып алған. Бұл жайында А.Хорошкин: «Қызылқұмдағы қазақ байлары түркімен байларынан ауғандық құлдар мен күңдер сатып алып отырған», – деп көрсетеді [12,295]. Сонымен қатар, рулық тұрмыс кешкен қазақ қоғамындағы ауқаттылар қол астындағы күңдердің ішіндегі сұлу, әрі бала табуға қабілетті жастарымен көңіл қосып, жеке отау етіп шығарған кездері де кездескен. Мұндай сирек ұшырасатын көңіл қосу жосыны байдың некелі әйелі ұзақ уақыт бала көтермей жүрген жағдайда кездесіп, «Аяқ салу» деп аталған. Бай күңнен бала сүйсе, әйелдің күң аты жойылып, әлеуметтік мәртебесі басқа әйелдермен теңестірілген.

Орта ғасырда түркі халқының әйелге байланысты ұғым-түсініктері, қалыптасқан көзқарасы ғасырлар бойғы өмір тәжірибесінде түйінделіп, елеп-екшеліп, сұрыпталудан өткен халық даналығының мәйегі – ескерткіш тіліндегі мақал-мәтелдерде сақталған. Ескерткіште Ersek erge tegmes, evек evge tegmes «Ерсіреген ерге тимес, асып-әбдіреген (ұшқалақ) үйге жетпес» [1,135] деген мақал беріліп, М.Қашқари «Ерге шықсам деп алып-ұшқан бұзылған қатын ерге тие алмайды, өйткені ұшқалақтықтан қажетті шарттарды, жағдайларды есепке алмайды» деп ой қорытады. Бұл қазақ түсінігіндегі қыз баланың жүріс-тұрысынан бастап дауыс ырғағына дейін мән беріп биязылыққа, инабаттылыққа

тәрбиелейтін «қызды қырық үйден тыю» концепциясына сай келеді. Әйел баласының негізгі сұлулығы жүзде емес, жүректе екенін көрсететін, ердің жар таңдауда бет жүзіне, шырайына қарамай, қадір қасиетіне, ақыл-парасатына көңіл бөлу керектігі сөздікте *Yüzge körme erzem tile* «Жүзге қарама, қасиет тіле» деп берілген [1,18]. Сонымен қатар ескерткіш тіліндегі «Әйел» концептісінің көрінісін мына мақал-мәтелдер аңғартады:

- *Ötlüg yinşü yerde kalmas* «Тесік інжу жерде қалмас» [1,43];
- *Emiklig uragut kösekşi bolur* «Еміздікті әйел тәбетті болар» сондықтан оған қалаған тамағы беріледі [1,184];
- *Tünle bulıt örtense ewlük un keldürmişşe bolur, Taңda bulıt örtense evge yağı kirmimişşe bolur* «Түнде бұлыт өртенсе, қатыны ұл туғандай болар, Таңда бұлыт өртенсе, үйге жауы кіргендей болар» [1,297];
- *Kılnu bilse kızıl kizer, yaranu bilse yaşıl kizer* «Қылынайын десе қызыл киер, жарасайын десе жасыл киер». Әйелдердің еріне әдемі, қылықты көрініп, жақын сұхбаттасқысы келсе қызыл қырмызы жібектен киім киетінін, ал қошеметтеп назданып, жарасайын десе жасыл жібектен киім киетінін сөз етеді [1,453];
- *Kız birle küreşme, kısırak birle yarışma* «Қызбен күреспе, қысрақпен жарыспа» бұл хақандықтардың қыздарының бірі неке түні Сұлтан Масғұтты аяғымен шалып жыққаннан кейін, хақандықтардың Сұлтан Масхұд туралы шығарған мақалы [1,534].

«Диуани лұғат-ит-түрік» тіліндегі әйел концептісіне қатысты тілдік бірліктердің этлингвомәдени мазмұны орта ғасырлық түркілер танымындағы әйел баласының орны ерекше болғандығын айғақтай түседі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Махмұт Қашқари Түрік сөздігі / аударған А.Қ.Егеубай. – Алматы: Хант, – 1997. – Т.1. – 590 б.; 1997. – 2. – 5256.; 1998. – Т.3 – 597 б.
2. Ш.Шарапатұлы. М.Қашқаридың «Түркі тілдері сөздігінің» тарихынан// Алтаистика және түркілогия. 2011. №3.
3. Махмұд Қашқари. Түбі бір түркі тілі. Алматы: «Ана тілі», 1993.
4. Досмұхамедұлы Х. Аламан. Құрастырушылар: Ғ.Әнесов, А.Мектепов, Ш.Кәрімов. А., «Ана тілі», 1991.
5. Курышжанов А. Из истории исследования сочинения Махмуда Кашгарского. Труды Института Языкознания АН Каз.ССР, т., 1963.
6. Құрышжанұлы Ә. Заметки о «Диване» Махмуда Кашгари //«Тіл тарихы туралы зерттеулер» кітабында. – Алматы, 2011.
7. Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
8. Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері:

докт.дисс....авторев.. –Алматы, 2006. –52 б.

9. Абитжанова Ж.А. Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі метафоралардың уәжділігі мен семантикасы: филол. ғыл. канд. ... автореф. –Алматы, 2009. –24 б.
10. Ескеева М.Қ. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. – Алматы: Арыс, 2007. – 360 б.
11. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. М.: Языки русской культуры, – 1997. – 368 с.
12. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы, 2013. – Т.2. – 735 б.

Әбдіқадырова Ж., Қырғызбай А.,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 1-курс магистранттары;

Жанатаев Д.,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.